

Айтбаев Ә.Б., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, экономика факультеті, гр. УА-11, студент
Ғылыми жетекші – э.ғ.к., доцент Шакеев С.С.

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАРДАҒЫ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ РОЛІ

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 88-бабына сәйкес акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталының мөлшері және оны қалыптастыру тәртібі, сондай-ақ оны ұлғайту мен азайту тәртібі Қазақстан Республикасының актілерімен айқындалады. Жарғылық акционерлік капитал – нақты компанияның акцияның әрбір түрінен шығаруға мүмкіндігі бар ең көп саны. Акционерлік қоғамдар туралы заңының 11-бабына сәйкес, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталы акцияларды олардың орналастыру бағасы бойынша сату арқылы қалыптастырады. Құрылтайшылар төлейтін жарғылық капиталдың мөлшері қоғамның жарғылық капиталының ең аз мөлшерінен кем болмауға және құрылтайшылар оны қоғам заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген кезге қарай толық төлеуге тиіс. Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталының ең аз мөлшері екі жүз мың айлық есептік көрсеткіш болады. [1, с.20-24]

Бағалы қағаздар – ең алдымен мүлікті иемденуге құқық беретін ақшалы құжат немесе қарыз берушіге қарыз алушының берген қарыз міндеттемесі. Бағалы қағаздар иемденуге берілсе, бағалы қағаздардың екінші түрі бойынша ерекше куәлік толтырылып беріледі. Оны иемдену құқығын беретін құжатты сертификат деп атайды. Бағалы қағаздарды шығарып, оны айналымға эмитенттер түсіреді. Эмитент ролінде акционерлік қоғамдар, жеке кәсіпорындар, мемлекет, республикалық және жергілікті басқару органдары бола алады. Бағалы қағаздарға акция, облигация, вексельдер, опциондар, акционерлік қоғамдардың чектері, фьючерстер, депозиттік сертификаттар жатады. [2, с.15-25]

Акция – үлесті немесе меншікті куәләндыратын бағалы қағаз, яғни акция қоғам шығаратын және олардың түрлері мен санаттарына (категорияларына) қарай акционердің дивиденттер алуға, қоғамды басқаруға қатысуға және қоғам таратылғаннан кейін оның қалған мүліктерінің бір бөлігіне құқықтарын куәләндырады. Ол иемденушісіне компанияның капиталының, мүлкінің, кірісінің бір бөлігіне заң жүзінде меншік құқығын береді. Акционерлік қоғам қанша уақыт істеп тұрса, акция да сонша уақыт қолданылады. Бірақ осы уақыт ішінде акцияның иесі сан рет өзгеруі мүмкін. Акционердің акцияны шығарған компанияға қайтаруы құқығы жоқ. Акционерлік капитал бөлінбейді. Акционерге оны тек екінші нарықта сатуына болады. Акцияны шығаруға мына жағдайда болады:

- Меншікті акцияландырғанда, яғни акционерлік қоғам құрып, оның жарғылық капиталын қалыптастырғанда;
- бар компанияны акционерлік қоғам ретінде қайта құрғанда;
- жарғылық капиталды қосымша молайтқанда;

Атап айтқанда, жарғылық капитал деген, шығарылған акциялардың бастапқы жиынтық құны. Ол, өз кезегінде айналымдағы капитал (жай және артықшылықты акциялар) және компанияның портфелінде қалған бағалы қағаздар болып бөлінеді. Оларды компания кез-келген уақытта өз ойынша пайдалана алады. [3, с.30-35]

Акция белгілі бір жағдайда акционерлік қоғамның өз капиталын ұлғайтуға және оны инфляциядан қорғау үшін жұмсауға болатын бағалы қағаздардың бірден-бір түрі. Акция компанияның акционерлер алдындағы қарыз міндеттемесі. Компанияның өз акциясын қайта сатып алатын құқығы бар. Бірақ бірсыпыра елдердің заңында, егер корпорацияның төлем қабілеті жоқ болса, онда ол акциясын қайта сатып алатын құқықтан айырылады деген де ереже бар. Дәл осы жағдай, егер қайта сатып алу корпорацияның төлем қабілетін нашарлататын болса да қаралған. Заң жүзінде акцияны бөлуге де болады. Айналымдағы әрбір акцияны бірнеше бөлікке бөлуге болады. Акция бірнеше түрге жіктеледі. Бір жағынан,

бір акционерден басқа біреуге беру тәсілі бойынша: атаулы және иесі ұсынушы болып екіге бөлінсе, екінші жағынан, корпорацияны басқаруға қатынасу құқығы бойынша – жай және артықшылықты акция деп те екіге бөлінеді. Акционерлік қоғам тек өзінің жарғысында бекітілген акцияларды ғана шығара алады.

1) Атаулы акция – иесі міндетті түрде корпорацияның реестрінде тіркелуге тиіс акция. Акционерлік кітабында қанша және қай уақытта алғандығы туралы жазылған акция иесі ғана акционер деп есептеледі.

2) Ұсынушыға арналған акция – иесінің аты-жөні корпорация кітабында тіркелмеген акция. Кітапта ұсынушыға арнап шығарылған акцияның жалпы саны ғана көрсетіледі.

Ал басқару жағынан корпорацияларға қолында атаулы акциясы бар акционерлер қолайлы. Себебі ол акционерлік капиталдың қозғалысын және бағалы қағаздардың қозғалысын және бағалы қағаздардың кейбір акционерлердің қолында шоғырлануын олардың бұл мемлекеттен кеткенін реттеп және бақылап отыруға мүмкіндік береді. Акционерлердің көзқарасы тұрғысынан қарағанда, әсіресе, қысқа мерзімді мүддені көздеген акционерлер ұсынушыға арналған акцияны қолдайды. Себебі еш жерде тіркелмеген мұндай акцияларды екінші нарықта еркін сатуға болады. Ал атаулы акцияны еркін қолма-қол ақшаға айырбастауға болмайды, сондықтан олардың өтімділігі акционерге кейбір жағдайда қолбайлау туғызады. Акцияның осы екі түрін жүзеге асыру жолы да әртүрлі.[4,с.114-124]

Нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуші акционерлік қоғамдардың қаржылық жағдайын талдаудың басты мақсаты келесілер болып табылады:

Акционерлік қоғамдардың қаржылық жағдайын талдау кәсіпорының шаруашылық қызметін талдаудың қорытындылаушы кезеңі болып табылады. Және де ол 3 сатыны қамтиды: жабдықтау, өндіріс және өткізу; бұлардың жиынтығы коммерциялық, өндірістік және қаржылық қызметті ұйымдастырады. Кәсіпорынның қаржылық қызметі – бұл оның осы қызмет нәтижесінде меншікті және тартылған капиталдың көлемі мен құрамына өзгеріс әкелетін қызметі. Ол қаржы ресурстарының жүйелі түрде өз уақытымен түсуі мен тиімді пайдаануына, есеп және несие тәртібін сақтауға, меншікті және қарыз қаражаттарының арасындағы ара қатынастың рационалдығына, сондай-ақ кәсіпорының тиімді қызмет етуі мақсатында қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Міне, сондықтан да Қазақстан заңдылықтарында ірі және орта кәсіпорындарды жекешелендіру барысында, олардың негізінде жартылай акциялары жеңілдік жағдайында сатылатын немесе сол кәсіпорын қызметкерлеріне тегін берілетін акционерлік қоғам құру көзделген.[5] Акционерлік қоғамды құру мемлекеттік бір бөлігін иеленуге ынталы кәсіпорынның еңбек ұжымының мүддесін, сондай – ақ жекешелендіруге жатпайтын өндірістік емес сферада немесе кәсіпорында жұмыс жасайтын Қазақстанның басқа да азаматтарының мүдделеріне қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері) – Алматы: Заңгер, 2004,309-бет
2. Қаржы-экономика сөздігі. — Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2007.
3. «Акционерлік қоғам еңбеккер тұрмысын жақсартады» - Сарыарқа Самалы,1992 .
4. «Акционерлік қоғамдар туралы заң» - Заң газеті – 2002, 27 ақпан, №9
5. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. — Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008.